

**Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеудің мөлшерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 02 желтоқсандағы N 620 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2008 жылы 12 желтоқсанда N 10-1-100 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 01 ақпандағы N 5609 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық әкімдігінің 2013.02.01 N 5609 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңдарына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласында мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеудің мөлшері бір шаршы метрге 38 теңге болып  
**б е л г і л е н с і н .**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2010.02.08 N 2416 қаулысымен.**

2. "Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын  
**ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .**

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*М. Ергешбаев*